

8D01401 «Музыкалық білім» / 8D01402 «Музыкалық орындаушылық және педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің 8D01401 «Музыкалық білім»/ 8D01402 «Музыкалық орындаушылық және педагогика» кадрлар дайындау бағытындағы диссертациялық кеңесінің

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесі бойынша білім алушылардың педагогикалық, эстетикалық және шығармашылық дамуын қамтамасыз ету мәселесі ерекше маңызға ие. Осыған байланысты музыкалық-педагогикалық білім, біліктілік пен дағдыларды меңгеру, сонымен қатар кәсіби салада өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабілеттер мен тұлғалық қасиеттерді дамыту қажеттілігі туындап отыр. Бұл үдеріс ойлау, кәсіби сауаттылық және рефлексиямен тығыз байланысты кәсіби-маңызды сапаларды креативтіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырудың өзектілігін айқындайды.

Білім беру саласындағы болашақ мамандардың шығармашылық әлеуетін дамыту, бүгінгі күні мемлекеттік деңгейдегі басты міндеттердің бірі ретінде белгіленіп отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында көрсетілгендей, әрбір білім алушының даралығын ескере отырып, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу мен дамытуға бағытталған жағдай жасау көзделген. Бұл талап болашақ педагогтерді даярлау ісінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше назар аудару қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында атап көрсетілген «Университеттің үшінші миссиясы» аясында студенттердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту, олардың өзін-өзі ұйымдастыру, әлеуметтік жауапкершілікті сезіну және шығармашылық қабілеттерін іске асыру үшін оңтайлы жағдай жасау көзделген. Бұл әсіресе, болашақ музыкалық білім беру саласының мамандарын креативтілікке тәрбиелеу тұрғысынан ерекше маңызды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021-2025 жылдарға арналған «Креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасында» креативтілікке негізделген білім мен құзыреттерді тәжірибеде қолдануға қабілетті жаңа формациядағы мамандар, демек, «креативті сыныпты» қалыптастыру қажеттілігі баса көрсетілген. Осы тұста, білім беру жүйесінің басты мақсаты ретінде жеке тұлғаның шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуды көздеу, ұлттық зияткерлік әлеуетті нығайту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда дәстүрлі білім беру жүйесінен икемді әрі шығармашылық қағидаларға негізделген білім беру моделіне көшу қажеттілігі айқын сезілуде. Бұл өз кезегінде болашақ

педагогтердің кәсіби тұрғыдан шығармашылықпен дамуына серпін береді және зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін негіздейді.

2. Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Зерттеуден туындаған қорытындылар мен ғылыми нәтижелердің негізділігі зерттеу концепциясының теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты негізделуіне сүйенеді және ғылыми аппараттың жүйелілігі мен логикалық үйлесімділігі, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің өзара байланысы, тандалған ғылыми-педагогикалық әдістердің тиімді қолданылуы арқылы қамтамасыз етіледі. Алынған деректер тәжірибелік тұрғыда тексеріліп, сандық және сапалық талдаудан өтуі, зерттеу жұмысының практикалық құндылығын айқындай түседі.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы: салааралық контексте креативтіліктің концептуалды теориялық зерттеулері мен ғалым-педагогтердің қорытындыларына сүйене отырып, креативтіліктің тұжырымдамалық негіздері мен феноменологиясы зерделенген және болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудағы функциялары мен вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың ұғымдық категориялық аппараты әзірленген және онан құрамдас бөліктері айқындалған;

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы: «әншілік креативтілік», «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігі», «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» түсініктерінің мазмұны мен құрылымы нақтыланған;

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы: вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілік танытуға ынталандыру шартын қамтамасыз ететін әдіснамалық тұғырлары мен оларды қолданудағы педагогикалық ұстанымдары түзіліп зерттеудің әдіснамалық негіздері айқындалған;

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы: вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған және онда өзара динамикалық байланыстағы компоненттер, өлшемдер, көрсеткіштер мен даму деңгейлер сәйкестендірілген;

Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы: вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдістемесі негізін құрайтын педагогикалық шарттар ұсынылып, әдістеме негізінде «Вокал және әншілік креативтілік» элективті курсының бағдарламасы даярланған және практикалық тиімділігін тексеруге арналған тәжірибелік эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, әдістемелік ұсыныстар берілуімен дәлелденеді.

3. Ғылыми нәтижелерді тәжірибеде қолдану. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы олардың жоғары оқу орындарындағы музыкалық білім беру мазмұнын жаңғыртуға және болашақ музыкалық білім бакалаврларының кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға қосатын үлесімен айқындалады. Зерттеу барысында алынған қорытындылар, білім

беру тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі ауқымды, себебі олар тек теориялық-әдіснамалық тұрғыда ғана емес, нақты оқу үдерісінде пайдалануға бейімделген. Диссертацияда ұсынылған материалдар бакалавриат және магистратура деңгейлеріндегі оқу үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін әдістемелік негізге ие. Зерттеу шеңберінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға бағытталған әдістеме әзірленді. Әдістеме вокалды оқыту үдерісінде білімгерлердің шығармашылық ойлауын, көркемдік қиялын, музыкалық интерпретациялау қабілетін және орындаушылық шеберлігін дамытуға арналған әдістерді қамтиды. Әдістеменің тиімділігі мен педагогикалық тәжірибеде қолдану жолы апробациядан өткізу арқылы дәлелденген. Зерттеу нәтижелері негізінде авторлық «Вокал және әншілік креативтілік» атты элективті курс әзірленіп, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізілді. Курс мазмұны студенттердің кәсіби-шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға арналған арнайы әдістемелік ұсынымдар дайындалды. Диссертациялық зерттеу нәтижелері музыкалық білім беру тәжірибесіне тікелей енгізіліп, олардың практикалық құндылығы тәжірибелік және әдістемелік тұрғыдан толық расталды.

4. Ғылыми нәтижелердің теориялық маңызы. Зерттеудің теориялық маңызы салааралық контексте креативтіліктің тұжырымдамалық негіздері мен феноменологиясының кешенді зерделенуі, «әншілік креативтілік», «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігі» және «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы нақтыланып, ғылыми анықтамалар берілуі, креативтілікті дамытудың әдіснамалық негізін құрайтын тұғырлар мен ұстанымдардың айқындалуы, құрылымдық-мазмұндық модельдің жасалуы, креативтілікті көрсетудің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерінің түзілуі, сондай-ақ вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдістемесі мен оны қамтамасыз ететін педагогикалық шарттардың анықталуымен сипатталады.

5. Ғылыми нәтижелерді оқу үдерісіне енгізу (кафедра меңгерушісінің қолы қойылған енгізу актісінің болуы) Зерттеу жұмысының нәтижелері «Вокал және әншілік креативтілік» атты элективті курсқа арналған әдістемелік кешен мазмұнында көрініс тауып, апробациядан сәтті өтті. Аталған курс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Музыкалық білім» білім беру бағдарламалары аясында оқу үдерісіне енгізілді. Зерттеу нәтижелерінің оқу үдерісіне кіріктірілгендігі тиісті актілермен ресми түрде расталды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелеріне негізделген «Әншілік креативтілік теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс әзірленіп, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасы бойынша магистратура деңгейінде оқу үдерісіне енгізіліп тиісті актімен құжаттық түрде расталды.

6. Басылымдардың Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына сай болуы.

Жүргізілген диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша жалпы 8 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде Web of Science және Scopus дерекқоры базасына кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5, шетелдік ғылыми журналда (Украина Жоғары Аттестациялық Комиссиясы (ЖАК) ұсынған) – 1 мақала жарияланған. Аталған басылымдар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің диссертациялық зерттеу нәтижелерін жариялау бойынша қолданыстағы талаптарына сәйкес келеді.

7. Дәреже беру туралы қорытынды.

«Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбындағы диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті «Дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндіктен, оның авторы Кулданов Наурыз Талгатовичке 8D01401 «Музыкалық білім»/ 8D01402 «Музыкалық орындаушылық және педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

8. Диссертацияның жіктелу белгілері:

8.1 Диссертация нәтижелерінің сипаты

8.1.1 Теориялық ережелер, олардың жиынтығын тиісті ғылыми бағыт бойынша жаңа ірі жетістік ретінде саралауға жатады.

8.2 Диссертация нәтижелерінің жаңашылдық деңгейі.

8.2.1 Нәтижелері жаңа.

8.3 Диссертация нәтижелерінің құндылығы

8.3.1 Жоғары.

8.4 Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеулермен байланысы.

8.4.2 Тақырып іргелі зерттеулер бағдарламасына, салалық бағдарламаға, ғылыми ұйымдар және жоғары оқу орындары жоспарына кіреді.

8.5 Қолданбалы маңызы және кеңейтілген пайдалану бойынша ұсыныстары бар диссертация нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі.

8.5.2 Салааралық деңгейде.

Диссертациялық кеңес
төрайымы:

Мусаинов

Г.А. Хусаинова

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы:

Г.Д.Т. Тапенов
РАСТАЙМЫН
"ҚазҰӨУ" РММ
Мамандармен жұмыс жүргізу бөлімінің жетекшісі
А.О. Ә. Кусебаев

«12» қыркүйек 2025 ж.